

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

проводиться. Тем не менее, переводческий рынок растет и каждый день ему нужен тысяча переводов. Так как все еще не существует абсолютных правил аудио-визуального перевода, каждый переводчик, компания или страна делает ее согласно своим убеждениям. В современном мире с огромной скоростью идет передача информации и вместе с тем меняются и правила с требованиями. Но если следовать всем вышеперечисленным пунктам, практиковаться и постоянно углублять свои знания, то можно оттачивать свои навыки и с легкостью справляться даже с самыми сложными аудио-визуальными переводами.

Список использованных источников:

1. Сорокин Ю.А., Тарасов Е.Ф. Креолизованные тексты и их коммуникативная функция // Оптимизация речевого воздействия. – М., 1990. – С.180-181
2. Анисимова Е.Е. // Филологические науки. 1996. №5. С.74-85; Ворошилова М.Б. Креолизованный текст: аспекты изучения // Политическая лингвистика. Вып.20. Екатеринбург, 2006. С.180-189; Воронина О.А. // Вестник Центра международного образования МГУ. Филология. Культурология.
3. Педагогика. Методика. 2009. Т.2. С.14-18.
4. Матасов Р.А. // Перевод кино/видео материалов: лингвокультурологические и дидактические аспекты. Диссертация. – М., 2009. – 211 с.
5. Козуляев А. Аудиовизуальный полисемантический перевод как особая форма переводческой деятельности. Обучение данному переводу. Статья в электронном виде <http://www.russian-translators.ru/about/editorial/audiovizualnyyperevod/>
6. В.Н.Комиссаров Теория перевода – М.: Высш.шк., 1990. – 253 с.
7. Karamitroglou F. Towards a methodology for the investigation of norms in audiovisual translation. Amsterdam. Rodopi. 2000. 300 p.
8. Anderman G. Audiovisual translation: Language Transfer on Screen. Basingstoke. Palgrave Macmillan. 2009. 272 p.

УДК 81'271.1

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ МӘТІНДЕРДІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сабырбекова Маржан Серикқызы

s.marjan.s@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қызырова А.М.

Қазіргі Қазақстан дипломатиясының шарықтауында дипломатиялық келіссөздер мен оларды жүргізу ерекшеліктері маңызды орын алады. Дипломатиялық келіссөздерде Қазақстан дипломатиясы, әсіресе дипломатиялық келіссөздер жүргізуінің тактикасына көп көңіл бөледі. Қазақстан дипломатиялық стратегия мен тактикаға тұтас мөлшерде көп назар аударады. Сондықтан да, жас Қазақстан қазіргі тәжірибесінде дипломатиялық құжаттарды дайындауда көп көңіл бөлінеді. Өзімізге белгілі дипломатиялық құжаттардың қатарына мәлімдемелер, меморандумдар, келісімшарттар, т.б. жатады. Аталған дипломатиялық құжат түрлерін сауатты да, сапалы аудару – аудармашыға жүктелген басты міндеттердің бірі.

Жалпы дипломатиялық қызметке қатысты еңбектер өте мол. Олардың қатарында Э.Сатоу «Руководство по дипломатической практике» белгілі француз дипломаты Ж.Камбон «Дипломат», Г.Никольсонның «Дипломатия», «Дипломатическое искусство» кітаптары, американдық және француздық дипломаттар Дж.Вуд пен Ж.Серре «Дипломатическая церемония и протокол», С.Симпсон «Учебные программы и курсы по дипломатической практике», ағылшын тілінен аударған В.М.Матвеева, Р.Дж.Фельтхэм «Настольная книга дипломата» еңбегінде дипломатиялық қызметте жиі кездесетін құжаттар мен сөз

анықтамаларын, халықаралық ұйымдар атауына мағлұматтар беріп өткен, А.Г.Ковалев «Азбука дипломатии» атты еңбегі дипломатиялық құжаттардың түрлері мен оның ішкі мәтінінің қалай жазылатындығына ерекше көңіл бөлген. И.И. Борисенко және Л.И. Евтушенко тұжырымдауынша, дипломатиялық құжаттарды мынадай сыныптарға біріктіріп береді:

1.Келісімшарттар және басқа да халықаралық келісімдер: келісімшарт; конвенция; келісімдер; декларациялар; протоколдар.

2.БҰҰ-ның конституциялық және басқа да халықаралық ұйымдардың актілері: (БҰҰ хартиясы (жарғысы); Халықаралық сот жарғысы; БҰҰ-ның арнайыландырылған мекемелерінің конституциясы.

3.Біржақты заңды актілер: ратификация келісімшартқа қосылу; ескертпе; ратификацияға қосымшалар; келісімшартты бұзу (денонсация).

4.БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының және басқа да халықаралық ұйымдардың резолюциялары және есептері: резолюциялар (шешімдер,ұсыныстар,директивтер); процедураның ережелері; (қысқа) есептер.

5.Қорытынды құжаттар:

А) үкіметаралық іс-сапарлар және келіссөздердің қорытынды құжаттары: коммюнике; (үйлесімді) өтініштер; декларациялар; келіскендік туралы меморандумдар (тармақтарға келіскендігі туралы меморандум).

Ә)Халықаралық конференцияның қорытынды құжаттары: қорытынды актілер; декларациялар.

6.Дипломатиялық корреспонденция:

А)БҰҰ корреспонденция: ресми хаттар; биресми хаттар; вербалды ноталар; жадынама тілхаттар/меморандумдар;

Ә)мемлекетаралық дипломатиялық құжаттар;

Б)өзге де дипломатиялық құжаттар (агремандар; консулдық патент; экзекватура; грамоты (сенім, кері шақыру),құзыреттілік [1, 55].

Стилистика тұрғысынан дипломатиялық құжаттардың авторы жеке дипломатиялық стильді ресми іс-қағаздар стиліне жатқызады. Ресми іс-қағаздар стиліндегі дәлелдердің алғашқы дәрежедегі орнын есепке ала отырып, берілген стильдегі нақтылыққа деген тенденцияны білдіру мүмкіндігі бірмағыналылыққа, айқындылыққа, объективтілікке, талдап қорытуға, мазмұнының логикалық ұйымдастырылуына, дәлелдердің нақты жүйелелігінен (бұл стильдің қажетті жанрында) туындайды.

Дипломатиялық стильге қатысты берілген ережені дамыта отырып, келесідей дипломатиялық мәтіннің стилистикалық сипатын анықтау мүмкіндігі көрсетіледі: *объективтілік; талдап қорыту; ақпараттылық; мазмұнының логикалық ұйымдастырылуы; мағынасы жағынан нақтылық, айқындылық; дипломатиялық этиканы қатаң сақтау.*

Дипломатиялық құжаттардың мақсатын және дипломатиялық дискурстің институционалдық сипатын ерекшелігін есепке ала отырып құру, дипломатиялық протоколдар және заңды күші бар халықаралық нормалар ережелерін тіл құралдарында сұрыптапталу ерекшелігін талап етеді. Осы тұрғыда, түпнұсқа тіліндегі стиль ерекшеліктері аударылып отырған тілдің стиль ерекшеліктері сәйкес болуы өте маңызды болып табылады.

Дипломатиялық мәтіндерде қолданылатын сөздердің стилистикалық ерекшелігін төмендегідей қарастыруға болады:

- клише және штамптардың мәтінде қолданылуы;
- сөз таптарының мәнді ерекше семантикалық аумағы;
- терминологиялық (дипломатиялық) лексика;
- кірме сөздер;
- эвфемизмдер (сыпайы сөздер);
- аббревиатуралар, қысқартулар, арнайы символдар және белгілер.

Лексиканың жеке қабаты арасында жеткілікті түрде қиынырақ болғанымен анық шекарасын орнату, қаншалықты оның әрдайым қабатынан басқаға ауысуы; берілген үдерісте

қандай контексте сол немесе одан да басқа лексикалық бірліктер қолданылуы туралы сұрақтармен сөзсіз байланысты болады.

Дипломатиялық мәтіндегі тұрақты сөздердің құрамына талдау жасау үшін мақсатқа сәйкес «клише» және «штамп» ұғымдарының анықтамасынан бастау алған жөн; бұл терминдер толық ұқсас емес. «Клише» дәстүрлі түрде стереотипті сөйлеу, типтік коммуникативті контексте және жағдайда механикалық өндіру ретінде түсіндіріледі. «Штамп» қабылданған үлгі ретінде анықталады, яғни еш ойланбастан көрсетілген шаблонға қоя салатын мәтіндер [2, 480]. Сөйлеу стереотиптерінің сипатының бірден бір белгісі қайталаушылық, яғни кей жағдайда айырмашылығы да болуы мүмкін. Шамадан тыс қайталаушылық сөйлемдерің ақпараттылығын жоғалтуға және қызметін атқара алмаушылыққа жеткізіп, толығымен дұрыс және бұрыс мәнерін сақтап ғана қалады. Клише, аздап немесе толықтай ақпараттылығын жоғалтқан, тілдік құрал ретінде жаңа сапаға ие болады, семасиологиялық байланыссыз; дәл осындай дисфункционалды клишені [3, 67] штамп деп атайды. Штамптар қатарына кез-келген клише кіруі мүмкін, яғни кез-келген жиі қайталанатын стереотипті сөйлеу штамп бола алады. Берілген әртүрлі анықтамаларға байланысты клише және штамп шекарасы екі топтың арасындағы сөйлеу формуласы бұзылған болып есептеледі және стереотипті сөздердің сол немесе одан да басқа сөздер бірлігінің тобына жататындығы көбінесе түсініксіз болып көрінеді.

Дискурсивті формулалардың негізінде өзіндік қызметі жағынан сөз тіркестерінің алдын ала келісіледі, әлеуметтік институттарының қарым-қатынасқа тән сәкестілік; коммуникациялық клише институционалды дискурс аясында өзіндік кілт болып барлық қатынас жүйесінің сәйкес институтын түсіну үшін болып табылады. Дәл осы арқылы сөздердің тұрақтылық құралы жайында да біршама зерттеулер жүргізуге болады.

Дипломатиялық мәтіннің негізгі бағасы ретінде клише терминдер немесе номенклатуралық атаулар халықаралық құқық, іс-қағаздар жүргізу, экономика және қаржы салаларынан алынады.

Дипломатиялық құжаттарда пайдаланылатын стандартты тілдік құралдардың негізгі логикалық тезисінің клишесі болжанып, келесідей тілдік бірліктердің көмегімен келтіріледі.

- көсемше, дипломатиялық құжаттарда немесе басқа да құжаттарда сөздердің құрылу мақсатын және қол қойылуын көрсетеді; *reaffirming* -растай, *noting* – белгілей, *endorsing* – қабылдай (мақұлдай) және т.б. немесе осындай мағынасымен етістіктің есімшесі;

- тікелей ақпараттармен анықтамалар: *important* – маңызды, *main* – негізгі, *crucial* - кілтті, шешуші және т.б.;

- ауызша құралдар: *principles of international cooperation* – халықаралық ынтымақтастық қағидалары, *joint/shared responsibility* – бірлескен жауапкершілік, *territorial integrity, unity and political independence* – территориялық тұрақтылық, бірлік және саяси тәуелсіздік және т.б.

Жоғарыда атап өткендей, дипломатиялық мәтінге тән өзіндік тілдік ерекшеліктері болады. Жалпы, дипломатиялық мәтінге тән ерекшеліктерді тұжырымдай келе, аудармашының назар аударуы тиіс екі тілдің синтаксистік, лексикалық айырмашылықтардың бар екенін аңғаруға болады. Қазақ және ағылшын тілдері әртүрлі тіл семьясына жататындақтан, аудармашыға көптеген қиындықтар туындауы әбден мүмкін.

Дипломатиялық мәтінге төмендегідей синтаксистік құрылымдар тән:

- Сөйлемнің бірыңғай мүшелері және тізбектеу құрылымы (келісімнің, тарап категориялары, қызмет түрлерінің талаптарры және т.б.);

- Инфинитивті құрылымдар (белгілі-бір іс-әрекеттің, қосымша ақпарат хабарламасының мақсатын білдіру мақсатында);

- Негізгі мағынаны білдіретін кілт сөздерден құралған құрылымдар;

- Актив және пассив құрылымдары (мұндай құрылымды сөйлемді қазақ тіліне аудару барысында ырықсыз етіс қолданылады) [4, 80].

Дипломатиялық мәтіннің институционалды және коммуникативті-кооперативті сипатқа ие екенін анықтай келе, кез-келген дипломатиялық құжаттың институционалды

сипаттамасына келесідей ерекшеліктерді анықтауға болады: ынтымақтастыққа ұмтылу, интеграция, көпжақты, көп векторлы сипаттағы өзара әрекеттесу, кең ауқымдағы ақпарат ықпалы және т.б. Дипломатиялық дискурстің мақсаты болып, мемлекеттің ішкі саясаты концепциясы тұрғысынан және халықаралық құқық нормаларын негізге ала отырып алға қойған мақсаттарға жету және негізгі міндеттердің шешімін табу.

Ал, аударма теориясы және тәжірибесінде дипломатиялық құжаттар аударма алды талдауды, аналитикалық вариациялық ізденісті, аударма нәтижесінің талданылуын қажет етеді. Осы аталған рәсімдер аудармашының тікелей міндеті екені сөзсіз.

Қорыта келе, дипломатиялық мәтіндерді аудару барысында аудармашы сәйкес сөзді кәсіби тұрғыдан дұрыс таңдай білу қабілетіне ие болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бозжигитова З.Б., Жаханова Ж.А. УДК 327 (072) (574) «Дипломатиялық құжаттама» пәніне оқу-әдістемелік нұсқау. – Ақтау: КМТЖИУ, 2010. – 55 б.
2. Борисенко, И.И., Евтушенко, Л.И. Английский язык в международных документах (право, торговля, дипломатия): Учеб. пособие. / И.И. Борисенко, И.И. Евтушенко. - Л.-К.: ООО «ИП Логос», 2003. – 480 с. – Англ. – 3-е издание, переработанное и дополненное.
3. Казанцев, А.И. Особенности перевода клише и штампов официально-делового языка (на материале французского языка): Учеб. пособие /А.И Казанцев. – Челяб. гос. ун-т. Челябинск, 2002. – 67 с.
4. Трабелси Хайфа. Лингвокоммуникативный анализ дипломатического дискурса. Москва, 2013. – 80с.

УДК 81'255.2

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Сагадиева Замзагуль Мұхтарханована

z.sagadiyeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушысы, Астана, Қазақстан

Аударма жалпы адамзат атаулының танымдық рухани алмасуы нәтижесінде мәдениет пен өркениеттің дамуына, адам баласының эстетикалық көркемдікке қол жеткізуіне, санасының өсуіне, дүниетанымының кеңеюіне апаратын жол сияқты.

Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс деп білетін халық өзінің елдік болмысын танып біле бастаған кезеңінен – ақ өзге елде, көрші жұртта не болып жатыр дегенге жіті құлақ түреді. Сондағы ең алдымен көңіл бөлетін – жан дүниені байытар рухани қазына үлгілері. Ендеше, рухани ауыс – түйіс, мәдени жалғастық ежелден – ақ ел назарында болып келген. Кедергі – тіл өзгешелігі болса, халық оның да жолын тапқан: тіл үйрену арқылы бір халықтың қазынасын екінші тілге аудару дәстүрі батыс, шығыс елдерінің қай-қайсысының да тарихында болған. Әлем халықтарының әдебиетінің бір-бірімен байланысуында, ғылым мен әдебиет салаларында халықаралық ынтымақтастықтың дамуында аудармалардың маңызы зор.

Аударма – белгілі бір тілде берілген хабарды аударма тіліндегі ақпаратқа қайта құру. Сөзбе сөз аударуға болмайды, өйткені әртүрлі тілдердің грамматикалық құрылымында, сөздік қорында, мәдениетінде айырмашылықтар болады. Салыстырмалы грамматикалар мен қос тілді сөздіктер қолданыста бар болғанымен, әртүрлі халықтар мәдениетінің салыстырмалы анықтамалары жоқ. Аудармашы бастапқы және аударма тілдерінің мәдениетін тең деңгейде білуі тиіс деп айтылғанымен, аудармашылардың көпшілігі мәтінді мәдени – салыстырмалы деңгейде ғана аудармады. Жалпы мәдени құндылықтарға немесе салыстырмалы құндылықтарға негізделген мәтіндердің көпшілігі аударуға тұрарлық. Оларды